

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Торайғыров университеті» КЕАҚ докторанты Г.Б. Кодекованың дайындаған «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі» тақырыбындағы докторлық диссертациясына ресми рецензент, «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ, «Педагогика және психология» кафедрасының философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а. А.Ж. Сапарғалиеваның

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Г.Б. Кодекованың дайындаған «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі» диссертациялық зерттеудің өзектілігін бүгінгі жұмыс берушілердің басты тапсырыс-ұсынысына жауап беретіні байқалды. Заманауи жұмыс берушілер студенттердің теориялық білімі мен шынайы кәсіби қызметтің жағдаяттарына сәйкес келе бермейтінін, тар мамандандырылған кәсіпорындар мен мекемелердегі, өнеркәсіптік шарттарда ЖОО түлектері, сыртқы көмексіз, кәсіби мәселелерді оңтайлы, тиянақты, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге бастамашылдығы мен жігерлілігі жеткілікті болмайтынын және әрі қарай білімін өркендетуге, жоғары оқу орнындағы меңгерген іргелі біліктілігінің тіректік қызмет атқармауының салдарынан ұдайы сыртқы қосымша сүйеніш, даярлық іздейтіндерін білеміз. Қазіргі нарықтық қоғамымызда ақылы семинарлар мен курстардан өту тек сыңаржақ жұмыс берушілердің шығындануымен шектелмей, жас маманның қаражаты ойсырай беретіні өте көкейкесті мәселелікке айналып отыр. Аталған проблемаларды шешудің бір тұғыры – жоғары оқу орнындағы студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту. Бұл жағдайда, студент қаланған интеллектуалды әлеуетінің іргетасын санасында бекітіп, оны ұдайы қоғам өзгерісіне ыңғайлап, оған қосымша жаңа білімдерді өздігінен зерделейтін дәрежеге ұмтылысының болуымен ерекшеленеді.

1999 жылы 29 еуропалық білім басқармаларының басшылары қол қойған Болон Конвенциясы сәйкес жоғары білім берудің біртұтас аймағын құру мақсатында білім беру жүйелерінің унификациялануы мен үйлесімділігі жүзеге асырылады. Білім беруді тек білімді беру және құзыреттілікті қалыптастыру үрдісі емес, сонымен қатар қоғамдық ұдайы өндіріс, іргелі институт ретінде қарастыратын мемлекет тұрғысынан, қоғам таңдаған даму стратегиясын жүзеге асыру үшін білім сапасы жаңа білімнің философиялық мүддесін іске асыратын құрал болуы шарт.

Диссертацияның құрылымы мен мәні дүниежүзілік білім алушылардың және тек «Педагогика және психология» мамандығының студенттеріне ғана емес, тиісті кәсіби кеңесшілерді тартуында, басқа мамандықтағы

студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің деңгейлігін арттыруда бұл зерттеу жұмысының әлеуеті мол.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу еңбегінде тақырыпты айқындау мақсатына жету барысында бірқатар ғылыми нәтижелерді атап өтуге болады:

бірінші ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі;

екінші ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың амалдары;

үшінші ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту әдістемесі;

төртінші ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың функционалдық сауаттылыққа ықпалы;

бесінші ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары;

алтыншы ғылыми нәтиже – студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі;

жетінші ғылыми нәтиже – «Мансап психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Болашақ мамандардың кәсіби ойлау қабілетін дамытудың теориялық негіздері» блогын құру, диплом алдындағы практикадан өтуге арналған әдіснамалық нұсқаулар.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы докторант студенттердің кәсіби ойлауының әдіснамалық негізін құру үдерісінде онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық ұстанымдарын өркендетудің ғылыми-теориялық негізі ғылыми мәселе ретінде қарастырылып дәлелденілгені;

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытарлық амалдардың сараланғаны;

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы докторантының, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін арнайы зерттеген ғалымдардың талдауы және олардың еңбектеріндегі тұжырымдары түйіндегені; «Кәсіп», «кәсіби», «студент», «ойлау» түсініктерінің анықтамалары нақтыланып, «Кәсіби ойлау» авторлық анықтамасымен ұсынылғаны;

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы докторант студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерістен өткізіп, тәжірибеге ендіруімен дәйектегені;

Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы докторант тарапынан студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыта отырып, логикалық-креативті ойлау, сөздің мағынасының толықтығы, кәсіби ортаны дұрыс ұйымдастыра білу қабілеті, сыни ойлау өнері, көшбасылық бақылау кезеңінде өткізілген диагностикалық картаның нәтижесі арқылы сынақтан өткізілгені;

Алтыншы ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің үздіксіз өрлеу траекториясын қамтамасыз ететін амалдардың айқындалуы;

Жетінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы «Мансап психологиясы» пәнінің тақырыптық жоспарына «Болашақ мамандардың кәсіби ойлау қабілетін дамытудың теориялық негіздері» блогын енгізуі, диплом алдындағы практикадан өтуге арналған әдіснамалық нұсқауларды әзірлеуі, тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерістен өткізіп, тәжірибеге тағылымдық негізді ендіруімен сынақтан өткені.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі

Диссертанттың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары қазақстандық ғылым мен тәжірибе үшін маңызды және жаңалықтың жеткілікті дәрежесіне ие.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлауының әдіснамалық негізін құру үдерісінде онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық ұстанымдарын өркендетудің ғылыми-теориялық негізі ұсынылды;

Екінші нәтиже жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектері талданып, олардың тұжырымдарын түйіндеп, оларға авторлық көзқарас, дүниетаным түзілді;

Үшінші нәтиже жаңа, себебі, жоғару оқу орнындағы студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі зерделеніп, тұтас педагогикалық үдеріс нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік беретін педагогикалық шарттары құрылды;

Төртінші нәтиже жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту моделі (мақсаттық деңгей, концептуалды деңгей, процессуалды деңгей, инструменталды деңгей, бағалау-нәтижелілік деңгей) ұсынылды;

Бесінші нәтиже жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың әдістемесі даярланды;

Алтыншы нәтиже жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің үздіксіз өрлеу траекториясын қамтамасыз ететін амалдары айқындалды;

Жетінші ғылыми нәтиже жаңа, себебі, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту амалдары мен жолдарының тиімділігі эксперимент арқылы

тексеру бойынша, эксперименталды топ студенттерінде зерттелінген сапаларының даму динамикасы көрсетілді.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы

Рецензияланатын диссертациялық зерттеу тұтас ғылыми жұмыс болып табылады. Алынған ғылыми нәтижелер ішкі бірлік пен логикалық өзара байланысымен сипатталады. Қорытындылар мен тұжырымдар қойылған міндеттер мен нақты материалдардан қисынды түрде туындайды, ғылыми нәтижелері нұсқалы және педагогикалық ғылым мен практиканы дамытуға белгілі бір үлес қосады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Ғылыми-зерттеу жұмысының тиімді нәтижелері ғылыми айналымдағы педагогикалық-психологиялық мәселелерді шешуде маңызды. Өйткені, ғылыми жұмыста заман талабына сәйкес студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың психологиялық және педагогикалық негіздері жүйелі зерттеліп қарастырылған. Зерттеуші, жоғары оқу орнындағы студенттердің кәсіби ойлау қабілетін және арнайы ұйымдастырылған, жүйелі әрі бірізді педагогикалық іс-шаралардың ұйымдастырылып жүргізілудің ролін жеке-бағытталған әдіснамалық негіздегі өнімді әдістемелермен анықтаған.

Кодекова Галия Бикеновнаның диссертациясының ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, логикалық жүйелілікпен сипатталған. Жүзеге асырылған тәжірибелі-эксперименталды жұмыстың мақсаты жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде өңделген құрылымдық-функционалдық моделінің тиімділігі сараланған.

Диссертацияда құрылған модель алгоритмдер теориясын, операциялық жүйелер теориясын және математикалық аппаратты дұрыс қолдануға негізделеді. Барлық тұжырымдар дереккөздерге сілтемелермен расталған. Эксперимент нәтижелері берілген теорияға сәйкес келеді. Бұл алынған нәтижелерді жеткілікті және сенімді деп есептеуге негіз береді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына жеткілікті толықтығына растама

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамалары мен нәтижелері диссертанттың 11 еңбегінде көрініс алып жарық көрген. Олар: Scopus компаниясының деректер базасына кіретін ғылыми журналында, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, отандық және шет елдік халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында, ғылыми журналдарда жарияланған.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер

Кодекова Галия Бикеновнаның ғылыми еңбегінің маңыздылығына тоқталып, төмендегідей кемшіліктерді атап өтеміз:

1. Қорғауға студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің ұдайы дамытылу моделі ұсынылған, бірақ аталған моделде қарастырылып отырған жұмыстың кейбір нақты компоненттері жоқ. Мәселен, «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің даму деңгейлерінің өлшемшарттары» қарастырылмаған;

2. Эксперименттің бастапқы «Анықтаушы кезеңін» жүргізу барысында диагностика кезеңдерін нақты анықталмаған;

3. «Көшбасшы» мен «көшбасы» аталымдарының ерекшеліктері сараланбай, «көшбасы» ұғымын басшылыққа алудың негіздемесі келтірілмеген;

4. Диссертацияда стилистикалық, техникалық қателіктер кездеседі.

Дегенмен, көрсетілген кемшіліктер алынған нәтижелердің құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Диссертант Кодекова Галия Бикеновна «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі» тақырыбына жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторы 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесіне лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ,

**«Педагогика және психология»
кафедрасының философия докторы
(PhD), қауымдастырылған**

профессор м.а



А.Ж. Сапарғалиева

